Р/с №	Өзірлеуші	Атауы	Нұсқасы	Орнатылған орны (техникалық құралдар тізбесінен)	Типі (техникалық құжаттамаға сәйкес)	Негізгі функционалдық мақсаты (бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Ақпаратты қорғаудың пайдаланылатын әдістері
1	2	3	4	5	6	7	8

«Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне аттестаттау» мемлекеттік қызмет стандартына
5-қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативті мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылғы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			

1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың % (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			
3.1. Қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың % (үлесі)			
3.2. Электрондық форматта қолжетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың % (үлесі)			
5. Әдептілігі			
5.1. Қызметкерлердің әдептілігіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың % (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 5 қ ы р к ү й е к т е г і
 № 1 2 4 1 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

«Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) көрсетеді немесе осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) немесе www.pki.gov.kz интернет-ресурсы (бұдан әрі – интернет ресурс) арқылы көрсетіледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 № 507 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 21-бабының 1-тармағының 2) тармақшасы (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы қызметінің қағидалары негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:
 1) интернет ресурста;

2) орталықтардағы стенділерде осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес мекенжай бойынша;

3) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат 1414 call-орталығының телефоны бойынша да ұсынылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) электрондық құжат нысанындағы тіркеу куәліктерін беру;

2) кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізімінде сериялық нөмірлерін орналастырыла отырып тіркеу куәліктерін:

тіркеу куәлігінің иесінің немесе оның өкілінің талабы бойынша;

тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болған;
тіркеу куәліктерін беру кезінде дәйексіз ақпарат ұсынылған жағдайларында кері қайтарылып алынады;
3) электрондық құжат нысанындағы қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.
Уәкілетті ұйымда мемлекеттік қызметті немесе орталықта мемлекеттік қызметті алушыға ақпаратты электрондық тасығышын (чип) немесе интернет ресурс немесе портал арқылы алушының есептеу техникасы құралдарын қамтитын жеке куәліктің тіркеу куәлігіне жазылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын уәкілетті ұйымға немесе орталыққа ұсынған сәттен бастап –
2 жұмыс күннен аспайды;
жеке куәлікті алу үшін ұсынылатын құжаттармен бірге жеке куәлікті алуға орталыққа жеке тұлға – мемлекеттік қызметті алушы жүгінген кезде осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар беріледі. Орталыққа жасалған жеке куәліктің түсу сәтінен бастап мемлекеттік қызмет өйткені екі жұмыс күндерден аспайтын;

2) мемлекеттік қызметті алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейін рұқсат етілген ең көп күту уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) жүгінген күні мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты жеке тұлғалар үшін 15 минуттан, заңды тұлғалар үшін 20 минуттан аспайды;

4) электрондық құжат нысанында сұранысты жолдаған кезеңінен бастап порталда немесе интернет ресурста –
1 жұмыс күнінен аспайды.

Қызмет беруден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметті алушыға уәкілетті ұйымға немесе орталыққа, жүгінген күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде беріледі.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органның жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;

2) орталықтың жұмыс кестесі: жексенбі және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап сенбі аралығында сағат 09.00-ден 20.00-ға дейін, түскі үзіліссіз, филиалдар мен өкілдіктер үшін сақтай отырып, жұмыс кестесі сағат 09.00-ден 20.00-ға дейін бір сағаттық түскі үзіліспен 13.00-ден 14.00-ге дейін. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, «электрондық» қызмет тәртібімен жүзеге асырылады;

3) портал – тәулік бойы;

4) интернет ресурс – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданған орталықтың, уәкілетті ұйымның ғимаратында көрсетіледі. Орталықтың, уәкілетті ұйымның ғимаратында анықтама бюросы, күту креслолары, өтініш бланкілерін толтыру үлгілері бар ақпараттық стенділер орналастырылған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы:

1) орталыққа немесе уәкілетті ұйымға:

а) жеке тұлғалар:

тіркеу куәліктерін беру үшін - порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш;

тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін - порталдан немесе интернет ресурстан алынған осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін кері қайтаруға өтініш;

мемлекеттік қызметті алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;

үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылды.

б) «Е–нотариат» ақпараттық жүйесінің қатысушылары:

тіркеу куәліктерін беру үшін:

порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандарттың 5-қосымшасына

сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш;
мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға;
жұмыс орнынан анықтаманы (нотариустар үшін – аумақтық нотариалдық палата берген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, аумақтық әділет органдарының, Республикалық нотариалдық палаталарының, аумақтық нотариалдық палаталарының қызметкерлері үшін – лауазымын көрсетумен жұмыс орнынан);

үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылады.

тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін:
порталдан немесе интернет ресурстан алынған осы стандарттың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін кері қайтаруға өтініш;

мемлекеттік қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға;
үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылады.

Орталықтың немесе уәкілетті ұйымның қызметкерлері құжаттар пакетін қабылдаған кезінде мемлекеттік қызметті алушының құжаттарының толықтығын тексереді, мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының түпнұсқаларымен «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінен деректерді салыстырып тексереді және түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға кері қайтарады.

в) заңды тұлғалар:
тіркеу куәліктерін беру үшін:

порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш;
мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат;
осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (заңды тұлғаның) өкіліне сенімхат;

тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін:
осы стандартқа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтаруға порталдан немесе интернет – ресурсынан алынған және бірегей нөмірі бар, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған өтініш немесе өтініш берушінің жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі. Жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі берілген жағдайда бірінші жетекшісінің қолы және ұйымның мөрі қойылмайды;
мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат;

Заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға үшін, сенімхаттың орнына жұмыс орнынан анықтама немесе заңды тұлғаның мөрімен расталған қызметке бірінші басшыны немесе оның міндетін атқарушы тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі (шешім, хаттама).

Мемлекеттік қызметті алушы өтініште көрсетілген деректерді тексеру үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы не куәлікті ұсынады (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірме – заңды тұлға үшін).

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді (Мемлекеттік қызметті алушының Т.А.Ә., ЖСН, ұйымның атауы, БСН) орталық немесе уәкілетті ұйым электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған, электрондық құжаттар нысанында Ұлттық куәландырушы орталығының ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

г) интернет ресурсының домендік атауының иелері:
жеке тұлғалар:

порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандарттың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш;
мемлекеттік қызметті алушының тұлғасын куәландыратын құжат – жеке тұлға;
интернет ресурсының домендік атауымен иелену құқығын растайтын құжаттардың бірін:
домендік атауымен иелену куәлігі;
домен тіркеушіден анықтама;
домендік атауын тіркеу туралы келісім шарттың көшірмесі;

домендік атауын тіркеу туралы жария офертасы;
басқа растайтын құжат.

үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылады.

тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін:
порталдан немесе интернет ресурстан алынған осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін кері қайтаруға өтініш;
мемлекеттік қызметті алушының тұлғасын куәландыратын құжат – жеке тұлға;
үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылады.

заңды тұлғалар:
тіркеу куәліктерін беру үшін:
порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандарттың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш;
мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат;
осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (заңды тұлғаның) өкіліне сенімхат;

интернет ресурсының домендік атауымен иелену құқығын растайтын құжаттардың бірін:
домендік атауымен иелену куәлігі;
домен тіркеушіден анықтама;
домендік атауын тіркеу туралы келісім шарттың көшірмесі;
домендік атауын тіркеу туралы жария офертасы;
басқа растайтын құжат.
тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін:

осы стандартқа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтаруға порталдан немесе интернет-ресурсынан алынған және бірегей нөмірі бар, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған өтініш немесе өтініш берушінің жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі;
мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат.

д) «Қазынашылық - Клиент» ақпараттық жүйесінің қатысушылары:
тіркеу куәліктерін беру үшін:
порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандарттың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш;
мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат;
осы стандарттың 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (заңды тұлғаның) өкіліне сенімхат;

Қазақстан Республикасы Қазынашылық комитетімен клиент арасындағы ЭЦҚ қолдану туралы келісім немесе қосымша келісім.

тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін:
осы стандартқа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтаруға порталдан немесе интернет – ресурсынан алынған және бірегей нөмірі бар, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған өтініш немесе өтініш берушінің жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі. Жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі берілген жағдайда бірінші жетекшісінің қолы және ұйымның мөрі қойылмайды;
мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат.

Орталықтың немесе уәкілетті ұйымның қызметкері құжаттар пакетін қабылдаған кезінде мемлекеттік қызметті алушының құжаттарының толықтығын тексереді, мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының түпнұсқаларымен «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінен деректерді салыстырып тексереді және түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға кері қайтарады.

е) шетел мемлекетінің азаматтары:
жеке тұлғалар:
тіркеу куәліктерін беру үшін:

порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш; мемлекеттік қызметті алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат; шетел мемлекеттің осы азаматы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде Қазақстан Республикасы аумағында тіркелуін растайтын, құрамында ЖСН бар құжаттардың бірі: Қазақстан Республикасы шетел азаматының қоныстауына арналған ықтиярхаты; азаматтығы жоқ адамның куәлігі; шетел азаматына арналған тіркеу куәлігі; үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылады.

тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін: порталдан немесе интернет ресурстан алынған осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін кері қайтаруға өтініш; мемлекеттік қызметті алушының тұлғасын куәландыратын құжат – жеке тұлға; үшінші тұлға мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдірген кезде – осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (жеке тұлғаның) өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат. Сенімхаттың мәтініне қосымша нотариалдық іс жүргізу туралы заңнамамен сәйкес мәліметтер қосылады.

заңды тұлғалар: тіркеу куәліктерін беру үшін: порталдан немесе интернет ресурстан алынған бірегей нөмірі қамтылған осы стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруге өтініш; мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат; шетел мемлекеттің осы азаматы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде Қазақстан Республикасы аумағында тіркелуін растайтын, құрамында ЖСН бар құжаттардың бірі: Қазақстан Республикасы шетел азаматының қоныстауына арналған ықтиярхаты; азаматтығы жоқ адамның куәлігі; шетел азаматына арналған тіркеу куәлігі; шетел мемлекетінің осы заңды тұлғасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде Қазақстан Республикасы аумағында тіркелуін растайтын, БСН бар құжаттардың бірі: Қазақстан Республикасында филиалдар және өкілдік арқылы (тұрақты мекемесін құра отырып) қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін филиалды, өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не куәлік;

резидент емес заңды тұлғалар үшін тіркеу куәлігі: «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 197-ші бабының 5-ші тармағына сәйкес салық уәкілдері болып табылатын жағдайда; Қазақстан Республикасында салық объектілерінің иелері болып табылатын жағдайда; Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шетел мемлекетінің дипломаттық және оларға теңестірілген өкілдіктері болатын жағдайда; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 191-ші бабының 8-ші тармағына сәйкес оның тұрақты мекемесі болып қарастырылатын, тәуелді уәкілі арқылы қызметін жүзеге асыратын жағдайда. осы стандарттың 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алушының (заңды тұлғаның) өкіліне сенімхат;

Заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға үшін, сенімхаттың орнына жұмыс орнынан анықтама немесе заңды тұлғаның мөрімен расталған қызметке бірінші басшыны немесе оның міндетін атқарушы тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі (шешім, хаттама).

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді (Мемлекеттік қызметті алушының Т.А.Ә., ЖСН, ұйымның атауы, БСН) орталық немесе уәкілетті ұйым электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған, электрондық құжаттар нысанында Ұлттық куәландырушы орталығының ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. тіркеу куәліктерін кері қайтару үшін:

осы стандартқа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтаруға порталдан немесе интернет – ресурсынан алынған және бірегей нөмірі бар, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған өтініш немесе өтініш берушінің жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі. Жұмыстан шығару туралы бұйрығының көшірмесі берілген жағдайда бірінші жетекшісінің қолы және ұйымның мөрі қойылмайды; мемлекеттік қызметті алушы заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын құжат.

2) қайта алған жағдайда порталда немесе интернет ресурста: ашық кілтті қамтитын электрондық құжат және мемлекеттік қызметті алушының куәландырылған электрондық цифрлық қолтаңбасын нысанындағы сұрау салу.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 № 507 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Белгіленген үлгідегі бланкілер (өтініштердің нысандары) уәкілетті органның қызметкері осы мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Жирентаев көшесі, 1/1 береді, сондай-ақ өтініштердің нысаны мен оларды толтыру жөніндегі түсініктемелер www.mtk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Орталықтарда мемлекеттік қызметті алу үшін бекітілген нысандағы өтініштердің бланкілері осы стандарттың 1-қосымшасына береді, сондай-ақ өтініштердің нысаны мен оларды толтыру жөніндегі түсініктемелер www.mtk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Құжаттарды қабылдауды уәкілетті ұйым қызметкерлері мынадай мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Жирентаев көшесі, 1/1 немесе осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес орталықта мекенжай бойынша жұмыскерлермен жүзеге асырылады.

14. Орталық немесе уәкілетті ұйым арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде, орталықтың, уәкілетті ұйымның қызметкері Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының ақпараттық жүйесінде тиісті жазбаларды жүргізеді және:

- 1) сұрау салуды қабылдаудың нөмірі мен күні;
- 2) сұрау салатын мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауларын;
- 4) құжаттарды берген күні (уақыты) мен орнын;
- 5) құжаттарды рәсімдеуге сұранысты қабылдаған орталық қызметкерінің тегін, атын, әкесінің атын;
- 6) тұтынушының тегін, атын, әкесінің атын, уәкілетті өкілдің тегін, атын, әкесінің атын, және олардың байланыс телефондарын.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы сонымен қатар мемлекеттік қызметті алушыға өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама-есеп жолданады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жеткізу тәсілін:

- 1) ақпараттың электрондық тасығышын қамтитын жеке куәлікке тіркеу куәліктерін алған жағдайда құжаттарды қабылдаушы орталыққа;
- 2) қалған жағдайларда интернет ресурс немесе портал арқылы мемлекеттік қызметті алушының есептеу техникасы құралдарынан алады.

16. Орталықпен немесе уәкілетті ұйыммен осы Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттарды мемлекеттік қызметті алушымен ұсынбаған жағдайда немесе дәйексіз мәліметтерді ұсынған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартлады.

Орталықтың уәкілетті ұйымның жұмыскерімен құжаттарды қабылдаудан бас тарту кезінде тұтынушыға жеткіліксіз құжаттарды көрсетумен қолхат беріледі.

Орталықтың немесе уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті мемлекеттік қызметтің алушымен құжаттарды алған кезеңінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толықтығы емес фактілері анықталған жағдайда уәкілетті ұйым немесе Орталық көрсетілген мерзімдерде жазбаша дәлелді жауапты береді.

Мемлекеттік қызметті бергенде портал немесе интернет ресурстың жұмысында техникалық іркілістер жағдайында порталдың немесе интернет ресурстың жұмыстарын қалпына келтіргенге дейін тоқтатылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті ұйымның және орталықтың қызметі мемлекеттік қызметті алушыға қатысты мынадай:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышын өтеу кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) мемлекеттік қызметті алушымен жұмыс кезінде сыпайылық;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы жете ақпаратты беру;

- 5) өтініштерді қараған кезінде лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы;
- 6) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және құпиялығы қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету осы стандартқа 14-қосымшаға сәйкес сапасы және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті ұйымның және орталықтың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері, жыл сайын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы түсіндірмелерді даярлауға көмек көрсетуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Ақпараттандыру комитетінің лауазымды тұлғасы мынадай мекенжай бойынша жүзеге асырады: 010000, Астана қаласы, Орынбор, көшесі, 8 үй, «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, 14 кіреберіс, кабинет № А 787, телефон (8-7172) 74-10-34.ол № А 787 бөлме, телефоны (8-7172)74-03-24.

Сонымен қатар орталық жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес мекенжай және телефон бойынша call–орталық порталының (1414) телефоны бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағымдар мемлекеттік қызметті алушының таңдауы бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрліктің кеңсесіне жазбаша шағыммен мынадай мекенжайға: 010000, Астана қаласы, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: mtc@mtc.gov.kz., телефон: (8-7172)-24-13-12 беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің блогына (www.mci.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі интернет-ресурсының «Көлік және коммуникация министрінің блогы» парағы);

3) уәкілетті ұйымның кеңсесіне жазбаша шағыммен: 010000, Астана қаласы, Жирентаев көшесі, 1/1, электрондық поштаның мекенжайы: info@ctsat.kz, телефон: (8-7172)-55-81-15 мекенжайы бойынша жолданады.

Шағымды қабылдайтын лауазымдық тұлғаның жұмыс кестесі: сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа.

22. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету кезінде дұрыс емес қызмет көрсетуіне шағымдар өтініш білдіру жолымен жолданады:

1) осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес байланыс деректері бойынша тікелей орталықтың басшысына, сондай-ақ орталықтың электрондық поштаның мекенжайы: ddc_rgp@mail.ru;

2) (8-7172)-24-29-09 нөмірі бойынша, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің «сенім телефонына»;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің блогына (www.mtk.gov.kz мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі интернет-ресурсының «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің блогы парағы»);

4) орталықтарда орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер арқылы;

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің кеңсесіне жазбаша шағыммен мынадай мекенжайға: 010000, Астана қаласы, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: mtc@mtc.gov.kz., телефон: (8-7172)-24-13-12 беріледі;

6) уәкілетті ұйымның кеңсесіне жазбаша шағыммен: 010000, Астана қаласы, Жирентаев көшесі, 1/1, электрондық поштаның мекенжайы: info@ctsat.kz, телефон: (8-7172)-55-81-15 мекенжайы бойынша жолданады;

7) call–орталықтың (1414) телефоны бойынша.

Шағымды қабылдайтын лауазымдық тұлғаның жұмыс кестесі: сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтің алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгіну құқығы бар.

24. Шағым еркін нысанда дайындалады. Шағым шағымда қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъектіге немесе лауазымды адамға жолдануы тиіс.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы, заңды тұлғаның - оның атауы, пошта мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметтің алушымен қол қойылады. Шағымды берген кезде субъектінің немесе іс-әрекетіне шағым жасалған лауазымды адамдардың лауазымы, тегі және аты-жөндері жүгіну себептері және талабы көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жасалған шағымға жауапты алу мерзімі мен орны және шағымды қарауға жауапты лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

26. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты интернет-ресурста www.mtc.gov.kz және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің сенім телефоны бойынша алуға болады: (8-7172) 24-29-09

«Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығымен тіркеу куәліктерін беру және кері қайтару» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізімі мен мекенжайлары

P/c №	Орталықтардың (филиалдардың, бөлімдердің, бөлімшелердің) атауы	Орналасқан мекенжайы	Байланыс деректері
1	2	3	4
«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Әуезов көш., 189а	8 (7162) 40-10-76 8 (7162) 40-10-63
1)	Көкшетау қалалық бөлімі	Көкшетау қаласы, Біржан сал көш., 42 үй	8 (7162) 25-00-67 8 (7162) 25-06-21
2)	Аудандық бөлім Красный Яр ауылы	Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Ленин көш., 65 үй	8 (7162) 40-43-27
3)	Ақкөл аудандық бөлімі	Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов көш., 102 үй	8 (71638) 2-09-96 8 (71638) 2-18-49
4)	Аршалы аудандық бөлімі	Аршалы ауданы, Аршалы ауылы, М. Маметова көш., 19 үй	8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-28-28 8 (71644) 2-10-77
5)	Атбасар аудандық бөлімі	Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Уәлиханов көш., 11 үй, офис	8 (71643) 2-45-94 8 (71643) 4-07-22 8 (71643) 4-12-58
6)	Астрахан аудандық бөлімі	Астрахан ауданы, Астрахан ауылы, Әл-Фараби көш., 44 үй	8 (71641) 2-35-96 8 (71641) 2-21-94
7)	Бұланды аудандық бөлімі	Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Сейфуллин көш., 186 офис	8 (71646) 2-37-20 8 (71646) 2-37-81
8)	Бурабай аудандық бөлімі	Бурабай ауданы, Шучинск қаласы, Абылай Хан көш., 28 үй	8 (71636) 4-29-97 8 (71636) 4-28-91 8 (71636) 4-59-28
9)	Егіндікөл аудандық бөлімі	Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Победа көш., 7 үй	8 (71642) 2-12-57

10)	Ерейментау аудандық бөлімі	Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Мұсабаев көш., 15 үй	8 (71633) 2-44-92
11)	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Сыздықов көш., 2а үй	8 (71639) 2-22-41 8 (71639) 2-22-42 8 (71639) 2-22-18
12)	Есіл аудандық бөлімі	Есіл ауданы, Есіл қаласы, Победа көш., 56 үй	8 (71647) 2-22-07
13)	Жарқайың аудандық бөлімі	Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Ғабдуллин көш., 104 үй	8 (71648) 9-00-35 8 (71647) 2-22-05
14)	Жақсы аудандық бөлімі	Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленин көш., 8 үй	8 (71635) 2-17-10
15)	Зеренді аудандық бөлімі	Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Мир көш., 52 үй	8 (71632) 2-00-74 8 (71632) 2-29-43
16)	Қорғалжын аудандық көшесі	Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Абай көш., 44а	8 (71637) 2-17-83 8 (71637) 2-20-36
17)	Степногорск қалалық бөлімі	Степногорск қаласы, 4 ш/а, 7 үй	8 (71645) 2-00-40 8 (71645) 2-00-30
18)	Сандықтау аудандық бөлімі	Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылай-хан көш., 119 үй	8 (71640) 9-26-66
19)	Целиноград аудандық бөлімі	Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Гагарин көш., 15 үй	8 (71651) 3-12-30 8 (71651) 3-11-98
20)	Шортанды аудандық бөлімі	Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Безьянный орамы, 1 үй	8 (71631) 2-17-97

«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы

2.	«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109	8 (7132) 56-57-87
1)	Ақтөбе қаласының № 1 бөлімі	Ақтөбе қаласы, Тургенев көш., 109	8 (7132) 57-80-27
2)	Қарғалы ауылы (Жилянка)	Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауданы, Қарғалы ауылы (Жилянка), Сәтпаев көш., 10	8 (7132) 98-60-06 8 (7132) 98-60-05
3)	Алға аудандық бөлімі	Алға ауданы, Алға қаласы, Киров көшесі, 23	8 (71337) 3-20-79 8 (71337) 3-10-96
4)	Мартөк аудандық бөлімі	Мартөк ауданы, Мартөк кенті, Байтұрсынов көш., 1 «Б»	8 (71331) 22-4-13 8 (71331) 22-1-14
5)	Хромтау аудандық бөлімі	Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Абай көш., 12	8 (71336) 26-6-33 8 (71336) 26-6-34
6)	Қандыағаш аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Молодежный ш/а, 47 «Б»	8 (71333) 30-2-19 8 (71333) 30-2-18
7)	Ембі аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әміров көш., 10	8 (71334) 23-9-83
8)	Темір ауданының № 8 бөлімі	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көш., 15 «А»	8 (71346) 23-5-83 8 (71334) 23-9-87
9)	Қобда аудандық бөлімі	Қобда ауданы, Қобда кенті, Нұрымжанов орамы, 2	8 (71341) 22-1-47 8 (71341) 22-1-38
10)	Қарғалы аудандық бөлімі, Бадамша ауылы	Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке-би көшесі, 27	8 (71342) 23-4-64 8 (71342) 23-4-62
11)	Ойыл аудандық бөлімі	Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көш., 64	8 (71332) 21-1-81 8 (71332) 21-1-82

12)	Әйтеке би аудандық № 12 бөлімі	Әйтеке би ауданы, Комсомолский ауылы, Балдырған көш., 10	8 (71339) 22-3-73 8 (71339) 22-3-74
13)	Байғанин аудандық бөлімі	Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Барак батыр көш., 41 «А»	8 (71345) 23-5-86 8 (71345) 23-5-87
14)	Ырғыз аудандық бөлімі	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Жангелдин көш., 7	8 (71343) 21-8-28
15)	Шалқар аудандық бөлімі	Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, 63	8 (71335) 23-6-10 8 (71335) 23-6-11
«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
3.	«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көш., 67Б	8 (7282) 24-15-06 8 (7282) 24-41-33
1)	Ақсу аудандық бөлімі	Жансүгіров кенті, Қабанбай батыр көш., 20	8 (72832) 2-14-51
2)	Қапал бөлімшесі	Қапал ауылы, Алпысбаев көш., 3	8 (72841) 2-17-60
3)	Алакөл аудандық бөлімі	Үшарал қаласы, 8 март көшесі, 63	8 (72833) 2-35-46 8 (72833) 2-35-48
4)	Қабанбай бөлімі	Қабанбай кенті, Абылай хан көш., 237	8 (72837) 4-13-85
5)	Балқаш аудандық бөлімі	Баканас ауылы, Бижанов көш., 25 «А»	8 (72773) 95-2-22 8 (72773) 9-18-20
6)	Еңбекшіқазақ аудандық бөлімі	Есік қаласы, Абай көш., 314А	8 (72775) 4-54-70 8 (72775) 4-54-69
7)	Шелек бөлімі	Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 100	8 (72775) 2-34-96 8 (72775) 2-34-97
8)	Ескелді аудандық бөлімі	Қарабұлақ кенті, Оразбеков көш., 52	8 (72836) 3-22-16
9)	Жамбыл аудандық бөлімі	Ұзынағаш кенті, Мәжитов көшесі, 1	8 (72770) 2-30-90
10)	Іле аудандық бөлімі	Өтеген батыр кенті, Қуат ш/а, Тәуелсіздік көшесі, 25	8 (727) 251-74-46 8 (727) 251-74-47
11)	Боралдай бөлімшесі	Боралдай ауылы, Вокзальная көш., 6 «А»	8 (72738) 7-82-42
12)	Қараой бөлімшесі	Қараой ауылы, Тыңдала көш., 9	8 (7275) 24-88-10
13)	Ақши бөлімшесі	Ақши ауылы, Қонаев көшесі, 29	
14)	Қарасай аудандық бөлімі	Қаскелен қаласы, Жаңғозин көш., 38	8 (72771) 2-56-86 8 (72771) 2-56-96
15)	Тау Самалы бөлімшесі	Тау-Самалы кенті, Рысқұлов көш., 129	8 (727) 391-38-58
16)	Шамалған бөлімшесі	Шамалған ст., Қонаев көш., 1 «В»	8 (7272) 93-66-33
17)	Қаратал аудандық бөлімі	Үштөбе қаласы, Абылай хан көш., 22	8 (72834) 2-02-07 8 (72834) 2-20-92
18)	Кербұлақ аудандық бөлімі	Сарыөзек қаласы, Момышұлы көш., н/с	8 (72840) 3-25-88
19)	Қоғалы бөлімшесі	Қоғалы кенті, Желтоқсан көш., 45	8 (72842) 9-10-59
20)	Көксу аудандық бөлімі	Балпық би кенті, Измайлова көш., 10	8 (72838) 2-16-19 8 (72838) 2-16-18
21)	Қапшағай қалалық бөлімі	Қапшағай қаласы, Қонаев көш., 41	8 (72772) 4-79-61 8 (72772) 4-79-60
22)	Шеңгелді бөлімшесі	Шеңгелді ауылы, Сейфуллин көш., 34	8 (72772) 7-11-94
23)	Сарқанд аудандық бөлімі	Сарқанд қаласы, Жамбыл көш., н/с	8 (72839) 2-35-86 8 (72839) 2-37-14
24)	Лепсі бөлімшесі	Лепсі ст., Төлебаев көш., 1	8 (72843) 2-10-16

25)	Райымбек аудандық бөлімі	Кеген ауылы, Момышұлы көш., н/с	8 (72777) 2-20-84 8 (72777) 2-20-82 8 (72777) 2-18-78
26)	Нарынқол бөлімшесі	Нарынқол ауылы, Райымбек көш., н/с	8 (72779) 2-11-65
27)	Панфилов аудандық бөлімі	Жаркент қаласы, Головацкий көш., н/с	8 (72831) 5-51-11
28)	Талғар аудандық бөлімі	Талғар қаласы, Лермонтов көш., 53 «А»	8 (727) 388-11-30 8 (72774) 2-21-43 8 (72774) 2-21-33
29)	Нұра бөлімшесі	Нұра ауылы, Школьная көш., 10	8 (72774) 5-80-62
30)	Талдықорған қалалық бөлімі	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көш., 67Б	8 (7282) 24-49-75 8 (7282) 24-40-43
31)	Текелі қалалық бөлімі	Текелі қаласы, Октябрьская көш., 7	8 (72835) 4-35-38 8 (72835) 4-35-18
32)	Ұйғыр аудандық бөлімі	Шонжы ауылы, Қасымбеков көш., 35	8 (72778) 2-43-35 8 (72778) 2-43-31 8 (72778) 2-43-32

«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы

4.	«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Атырау қаласы, Сәтбаев даң., 23 үй	8 (7122) 21-34-67
1)	Облыстық бөлім	Атырау қаласы, Сәтбаев даң., 23 үй	8 (7122) 21-29-42
2)	№ 1 қалалық бөлім	Атырау қаласы, Баймұханов көш., 16а үй	8 (7122) 35-75-05 8 (7122) 35-75-30
3)	№ 2 қалалық бөлім	Атырау қаласы, Балықшы кенті, Байжігітов көш., 80а үй	8 (7122) 24-34-90 8 (7122) 24-37-89
